«ЖОО-ның үздік оқытушысы» атағын беруге арналған республикалық конкурсқа қатысу үшін үміткерлердің конкурстық құжаттамасын қарау жөніндегі ЖОО ішіндегі сараптамалық комиссия отырысының ХАТТАМАСЫ

2025 жылғы 10 қараша

Қатысқандар – *комиссия мүшелері*
(17.10. 2025 жылғы № 34-Ө бұйрығымен бекітілді)

1. Абдуллин Р.Б. - ректор;
2. Беков Д.С. - бірінші проректор;
3. Абилова М.С. - академиялық мәселелер жөніндегі проректор;
4. Демина Н.В. - ОӘБ бастығы;
5. Сагнаева К.А. - университет кеңсесінің басшысы.

Шақырылғандар - *сарапшылар тобының мүшелері*
(17.10. 2025 жылғы № 34-Ө бұйрығымен бекітілді)

- Уразамбетова Г.У. – ғылым және халықаралық байланыстар жөніндегі проректор;
- Исаева Н.Н. – бас кеңсе тіркеушісі;
- Александрова М.Л.- ҒЖК және АҰ ғылым департаментінің жетекші маманы

Күн тәртібі:

1. **«Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» атағын беру конкурсының II республикалық кезеңіне қатысу үшін үміткерлерді іріктеу.**

Тыңдалды *Уразамбетову Г.У. – сарапшылар тобының мүшесі.*

«Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» атағын беру конкурсының II республикалық кезеңіне қатысу үшін «Бизнес және басқару» кафедрасының профессоры, экономика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор Байкадамов Нүркен Тұраруұлының конкурс құжаттамасы келіп түсті. Құжаттар сапалық және сандық көрсеткіштерге сәйкес (2-қосымша), сондай-ақ «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» атағын беру қағидаларының 3-қосымшасына сәйкес жылдық жұмыс жоспары-графигіне сай дайындалған. Аталған қағидалар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 16 наурыздағы №1243 және 2020 жылғы 30 қазандағы №466 бұйрықтарымен бекітілген.

Байкадамов Н.Т. еңбек жолын 1983 жылы бастаған, ал ғылыми-педагогикалық қызметін 2001 жылдан бері атқарып келеді. Жалпы еңбек өтілі – 42 жыл, ғылыми-педагогикалық өтілі – 24 жыл. Байкадамов Н.Т. Қазақстан Республикасының Ұлттық мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама орталығында тіркелген кафедраның ғылыми-зерттеу тақырыбы – «Қазақстан Республикасындағы әлеуметтік-экономикалық түрлендірулердің мәселелері мен даму перспективалары» аясында жұмыс істейді.

Оның жарияланған ғылыми еңбектерінің тізімі 75-тен астам ғылыми жұмыстарды қамтиды, оның ішінде 10 оқу құралы (бірлескен авторлықта), 1 монография, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің ҒССҚК тізіміне енгізілген жетекші ғылыми журналдарда жарияланған 14 ғылыми мақала бар. Сонымен қатар, Scopus халықаралық деректер базасында индекстелген журналдарда 4 ғылыми мақаласы жарық көрген. Байкадамов Н.Т. Халықаралық және Республикалық ғылыми-

тәжірибелік конференциялардың белсенді қатысушысы болып табылады, оның ғылыми мақалалары жинақтарында жарияланған.

2020 жылғы ақпан айында Байкадамов Н.Т. Халықаралық ақпараттандыру академиясының толық мүшесі болып сайланып, академик атағына ие болды. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің 2022 жылғы 27 қаңтардағы №13 бұйрығымен оған қауымдастырылған профессор (доцент) ғылыми атағы берілді.

Байкадамов Н.Т.-ның марапаттары:

2022 жыл – ҚР ҒЖБМ Құрмет грамотасы;

2023 жыл – Қостанай облысы әкімдігі Қоғамдық даму басқармасының «Алғыс хаты», ҚР жоғары оқу орындары қауымдастығының «Жоғары кәсіби білім беру саласындағы үздік ғалым» төсбелгісі;

2024 жыл – ҚР Президентінің №19342 Жарлығымен «Ерен еңбегі үшін» медалі;

2025 жыл – ҚР ҒЖБМ Ғылым комитетінің «Алғыс хаты», ҚР ҒЖБМ - «Ғылымды дамытуға сіңірген еңбегі үшін» төсбелгісі.

Байкадамов Н.Т. университетте 24 жыл еңбек етіп келеді. Осы кезең ішінде ол өзін жоғары білікті, кәсіби және білімді оқытушы ретінде танытты. Студенттер, магистранттар және профессор-оқытушылар құрамы арасында зор беделге ие.

Сөз сөйлеген: *Беков Д.С. – комиссия мүшесі*

«Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» атағын беру қағидаларының 2 және 3-қосымшаларына сәйкес ұсынылған құжаттар толық әрі талаптарға сай толтырылған. Профессор Байкадамов Н.Т. «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» атағын беру жөніндегі конкурстың II республикалық кезеңіне қатыса алады.

Сарапшылар комиссиясы дауыс беруге келесі қаулы жобасын ұсынады:

«Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» атағын беру жөніндегі конкурстың бірінші ішкі кезеңінің қорытындысы бойынша жеңімпаз болып «Бизнес және басқару» кафедрасының профессоры Байкадамов Нүркен Тұраруұлы анықталды және ол конкурстың II республикалық кезеңіне қатысуға ұсынылады».

Комиссия мүшелерінің дауыс беру нәтижесі: «ҚОЛДАЙМЫН» – 5 адам

Қаулы етті: «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» атағын беру жөніндегі конкурстың II республикалық кезеңіне қатысу үшін «Бизнес және басқару» кафедрасының профессоры, экономика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор ***Байкадамов Нүркен Тұраруұлының*** кандидатурасы бірауыздан бекітілсін.

Комиссия мүшелері: **Абдуллин Р.Б.**
Беков Д.С.
Абилова М.С.
Демина Н.В.
Сагнаева К.А.